

**«РАСТИШКА» САУДА БЕЛГІСІ ҰСЫНҒАН
«Қорғағыш қабатты өшір және 2000 жүлде
ұтыс ойынына қатыс» АКЦИЯСЫНА
ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР:

1.1. Акция ұйымдастырушысы Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке а., Сұлтан Бейбарс к-сі, 1 мекенжайы бойынша тіркелген «Danone Verkut» ЖШС (әрі қарай «Ұйымдастырушы») болып табылады.

Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

1.2. Акцияға Акцияның өткізілу кезеңінде 18 жасқа толған және

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ:

- Facebook, Instagram, Одноклассники, Вконтакте сияқты әлеуметтік желілердің пайдаланушылары қатыса алады.

1.3. Акцияға Ұйымдастырушының, Агенттіктің, олармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері мен уәкілетті өкілдері, осындай қызметкерлер мен өкілдердің отбасы мүшелері, сондай-ақ Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар өзге тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері қатыса алмайды. 1.4.

Акция 2018 жылдың 5 наурызынан 2018 жылдың 16 сәуіріне дейінгі кезеңде өткізіледі.

2. ЖҮЛДЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АЛУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Акцияның жүлде қоры: 2000 жүлде, оның ішінде «бадминтонға арналған жиынтық» - 1500 дана, «самокат» - 350 дана, «конструктор» - 150 дана. Қатысушылардың апта сайын 10 ұпай жинау арқылы «бадминтонға арналған жиынтық», 60 ұпай жинау арқылы «самокат», 100 ұпай жинау арқылы «конструктор» ұтып алу мүмкіндіктері бар. Әр апта сайын 250 «бадминтонға арналған жиынтық», 58 «самокат» және 25 «конструктор» ойнатылады. Акцияның өткізілуінің 5-ші және 6-шы аптасында 59 «самокаттан» ойнатылады.

2.2. Жұлделердің құрамы, саны мен өзге параметрлері Ұйымдастырушының қалауымен белгіленеді және қатысушылардың болжамдарымен сәйкес келмеуі, жарнамалық материалдардағы суреттерден өзгеше болуы мүмкін. Жұлдені басқа ұқсас немесе жүлденің баламалы түріне айырбастау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

2.3. Акцияға қатысу үшін ата-аналары немесе заңды қамқоршылары келесі әрекеттерді жасауы тиіс:

- Растишка 6*45, Растишка 4*90, Растишка 4*110 йогурттарын сатып алу
- Қаптамадағы скретч стикердегі қорғағыш қабатты өшіру
- Скретч стикердегі промо кодты www.rastishka.kz сайтына жүктеу;
- Жеңімпаз Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде random.org кездейсоқ сандар генераторының көмегімен жиналған ұпайлар саны бойынша апта сайын анықталады
- Апта сайынғы ұтыс ойынының өткізілу нәтижелері ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 3 күн ішінде сағат 18.00 кешіктірілмей (www.rastishka.kz), Facebook (www.facebook.com/rastishka.kazakhstan) және Instagram (www.instagram.com/rastishka_kz) сайтының ресми парақшаларында жарияланатын болады.

- **Апта сайынғы ұтыс ойынының өткізілу күні** – осы Акцияның өткізілу мерзімі ішінде **әр дүйсенбі, апта сайынғы ұтыс ойынының жеңімпаздарын жариялау күні** – осы Акцияның өткізілу мерзімі ішінде **әр сәрсенбі**.
- Апта сайынғы ұтыс ойынына қатысу үшін ұпайлар санын жинағаннан кейін және апта сайынғы ұтыс ойынының жеңімпазы болғаннан кейін қатысушының апта бойы жинаған ұпайлары жойылады. Қатысушы ұпайларды нөлден бастап жинау арқылы келесі апта сайынғы ұтыс ойынына қатысуын жалғастыра алады.
- Егер қатысушы апта сайынғы ұтыс ойынының қатысушысы болмаса, онда қатысушының апта бойы жинаған ұпайлары автоматты түрде келесі аптаға ауысады және кейінгі жинаған ұпайлармен жинақталады.
- Акция қатысушысы апта бойы жинаған ұпайлар санына байланысты «бадминтонға арналған жиынтықтар» немесе «самокаттар» немесе «конструкторлар» ұтыс ойынына қатыса алады. Егер қатысушы апта бойы 10-59 ұпай жинаса, онда автоматты түрде «бадминтонға арналған жиынтықтар» ұтыс ойынына қатысады, егер апта бойы 60-99 ұпай жинаса, онда автоматты түрде «самокаттар» ұтыс ойынына және егер апта бойы 100 және одан жоғары ұпай жинаса, онда автоматты түрде «конструкторлар» ұтыс ойынына қатысады.

2.4. Жұлдені алу үшін ата-анасы немесе заңды қамқоршылары rastishka.kz сайтында тіркелген кезде барлық қажетті деректерді көрсетеді:

- Акция Қатысушысының тегі, аты, әкесінің аты;
- Қатысушының туған күні;
- Қатысушының қала коды көрсетілген байланыс телефоны;
- Қатысушының электрондық поштасының адресі (бар болса);
- Қатысушының нақты тұратын қаласы.

2.5. Осы Ережелерге сәйкес келмейтін әрекеттерді орындаған Қатысушылар Акцияға қатысуға жіберілмейді:

- Акцияның өткізілу мерзімінен кешіктіріліп толтырылған тіркеу нысандары;
- Акцияның өткізілу мерзімінен кешіктіріліп жүктелген промо-кодтар;
- 18 жасқа толмаған тұлғалардың жіберген тіркеу нысандары;
- Ақпараты Ұйымдастырушының анықтығы мен дұрыстығын модерациялаудан өтпеген тіркеу нысандары. Сауалнамадағы барлық деректер өзекті болуы және нақты адамдарға тиесілі болуы қажет.

Модерация – Қатысушы қалдырған деректердің шындыққа сәйкестігін тексеру.

Ұйымдастырушы модерацияны қоңырау шалу, электрондық хаттар жіберу, Қатысушылардың жеке басын растау үшін олардың Facebook және Instagram парақшаларына хабарламалар жіберу арқылы жүргізеді.

- Әрбір Қатысушы сайтта тек бір рет ғана тіркеле алады.

2.6. Ұйымдастырушы белгіленген мерзімде талап етілмеген жүлделерді өз қалауымен үлестіріп беруге құқылы.

2.7. Жұлделер Акция Қатысушыларына тек осы Ережелерге сәйкес беріледі. Акцияны өткізуге және жүлдені алуға байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда, Ұйымдастырушының шешімі соңғы шешім болып табылады.

2.8. Жұлде қайтарылмауы тиіс және/немесе оның тиісті ақшалай баламасы берілмеуі тиіс.

2.9. Алдын ала жеңімпазбен байланысу арқылы Ұйымдастырушы жүлделерді жеткізіп береді. Жеңімпаздар жеңімпаздарды жариялағаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде жүлделерді алады.

2.10. Осы Ережелер, сондай-ақ Растиска™-мен байланысты кез келген, соның ішінде Акцияны болдырмау немесе осы Ережелердің өзгеруі туралы ақпарат толық көлемде Растиска™ әлеуметтік желілерінде ашық түрде орналастырылуы тиіс.

3. АКЦИЯ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ШАРТТАР.

3.1. Жеңгені туралы ақпарат беру үшін Акция Ұйымдастырушылары сайттағы, Фейсбуктегі және Инстаграмдағы ресми парақшаларда жеңімпаздар туралы жарияланымды орналастырады, сосын Акция Жеңімпазы қалдырған байланыс деректері (электрондық адрес, телефон, Facebook) арқылы онымен хабарласады

3.2. Егер 7 күн ішінде Жеңімпаз Ұйымдастырушылардың хабарламасына жауап бермесе, онда Ұйымдастырушылар

ұтыс ойыны нәтижелерінің күшін жою құқығын өздеріне қалдырады.

3.3 Апта сайынғы ұтыс ойынға пайдаланушылардың промоакцияның өткізілу кезеңінде қалдырған барлық тіркеу нысандары қатысады, бұған кірмейтіні:

А) Осы Ережелерге бір тармағы болса да сәйкес келмеген тіркеу нысандары.

4. ҚОСЫМША ШАРТТАР

4.1. Акцияның барлық Қатысушылары акцияға қатысуға байланысты келтірген барлық шығындарын өздігінен төлейді.

4.2. Осы Ережелерде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акция қатысушыларымен хат алыспау немесе өзге байланыс жасамау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

4.3. Акция қатысушыларының аттары мен фотосын жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын, акцияны ұзарту, жүлделер беру рәсімін өзгерту және акция туралы және оның www.rastishka.kz сайтында өткізілу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жүлделерге арналған барлық міндетті салықтарды төлеу бойынша міндеттемені Ұйымдастырушы өз міндетіне алады.

4.5. Ұйымдастырушының акцияны өткізуіне байланысты барлық мәселелер бойынша шешімі соңғы шешім болып есептеледі және барлық қатысушыларды қамтиды.

4.6. Осы шарттарда қарастырылмаған барлық жағдайларда, Ұйымдастырушы мен Акция қатысушылары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын негізге алады.

4.7. Толығырақ 8 800 080 5115 жедел желі телефоны бойынша (бүкіл Қазақстан бойынша қала телефонынан тегін нөмір) және www.rastishka.kz сайтында.

4.8. Сондай-ақ егер қатысушы Ұйымдастырушының қызметкерлері мен контрагенттерін мазаласа, сондай-ақ тіл тигізсе, қорқытса және Акцияның әрекет ету мерзімі ішінде өзін лайықсыз түрде көрсетсе, онда осындай қатысушыға жүлдені беруден бас тартылуы мүмкін.

4.9. Акцияға қатысу фактісі қатысушылардың Акцияның осы өткізілу шарттарымен танысқанын және толық келісетінін білдіреді. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы оның жеке деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға өз келісімін береді. Қатысушының барлық жеке ақпараты, аты-жөнін, жасын, байланыс телефонының нөмірін қоса, Ұйымдастырушы немесе оның құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімнің негізінде әрекет етуге уәкілеттік берген тұлғалары ғана пайдаланатын болады және ешбір өзге үшінші тұлғаларға берілмейтін болады.

4.10. Ұйымдастырушы:

а) Акция Қатысушыларының осы Ережелермен танысу мүмкіндігінің болмағаны үшін;

б) Акция Қатысушыларының осы Ережелерде қарастырылған міндеттерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін;

в) Акция Қатысушылары Тіркеу нысандарында көрсеткен жеке деректердің, байланыс және өзге ақпараттардың дұрыстығы, дәлдігі және анықтығы, сондай-ақ осыған байланысты Қатысушылардың Нысандарда көрсеткен байланыс телефондары және мекенжайлары бойынша олармен байланысу

мүмкіндігінің болмағаны үшін және салдары ретінде Қатысушылардан алынған ақпаратты Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептер бойынша оларға сыйлықтар беру мақсаты үшін пайдалану мүмкіндігінің болмағаны үшін;

г) Қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық жарақаттары үшін жауапты болмайды.